

Ақпараттық хат

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті «Өзгермелі парадигмалар тұсындағы құндылықтар: ХХІ ғасырдағы тұлға, қоғам және өркениет бағдары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жұмысына қатысуға шақырады.

Конференцияның мақсаты: Жаһандану, цифрландыру және жасанды интеллект тұсындағы құндылықтар трансформациясын зерттеу; халықаралық ғылыми ынтымақтастықты нығайту және мәдениеттер арасындағы диалогты дамыту; құндылықтарды тұлға, қоғам және өркениет дамуының негізі ретінде қарастыруға бағытталған тың ғылыми ұстаным қалыптасуына ықпал ету.

Өтетін орны: Талдықорған қ., І. Жансүгіров көшесі 187А, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті

Форматы: аралас (офлайн + онлайн)

Өтетін күні: 2025 жылғы 11 желтоқсан

Конференция жұмысының ғылыми бағыттары:

1. *Құндылықтарды зерттеудің философиялық негіздері мен әдіснамасы* –құндылық парадигмаларының өзгеруі; классикалық және заманауи көзқарастар; ХХІ ғасырдағы адам философиясы және гуманизм.

2. *Цифрландыру мен жасанды интеллект (ЖИ) жағдайындағы тұлға құндылықтары сынақ әрі мүмкіндік ретінде:* адам құндылығын қайта пайымдау; алгоритмделген өмір жағдайындағы адам құндылығы; цифрлық бірегейлік және әлеуметтік өзара әрекеттесу мәселесін қайта пайымдау; ақпараттық технологиялардың, жасанды интеллектінің жастар мен кәсіби қауымдастықтардың құндылықтық бағдарларын өзгертуге ықпалы.

3. *Қоғам және құндылықтар: дәстүр және жаңғыру* – бірегейлік, әлеуметтік тәжірибелер, мәдени өзін-өзі анықтау; ұлттық және азаматтық сана; этномәдени дәстүрлер және олардың құндылықтарды қалыптастырудағы рөлі; рухани мәдениет пен қоғамдық трансформация; құқық, құқықтық мәдениет пен құқықтық сана құндылығы.

4. *Мәдениетаралық коммуникация және өркениеттер диалогы* – халықаралық қатынастар жүйесіндегі құндылықтар; этносаралық және мәдениетаралық өзара ықпалдастық; Шығыс пен Батыс мәдениетінің тоғысуы.

5. *Әдебиет пен өнер құндылықтарды сақтаушы ретінде:* көркем бейнелер мен рәміздердің дүниетанымды қалыптастырудағы рөлі; өнердің құндылықтарды жеткізу және қайта пайымдау қызметі.

6. *ХХІ ғасырдың құндылық бағдары аясындағы білім мен тәрбие* – құндылықтық ұстанымдарды қалыптастырудың педагогикалық стратегиялары; оқытушы мен білім беру институтының рөлі; аксиологиялық тәрбиенің жаңа формалары.

Конференция Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы шеңберінде орындалатын **BR24993269 «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақстандық қоғамның құндылық бағдарларының эволюциясы және трансформациясы»** бағдарламасын іске асыру аясында өткізіледі.

Конференцияға ғалымдар, жоғары оқу орындарының оқытушылары, мектеп және колледж мұғалімдері, білім беру және мәдениет мекемелерінің қызметкерлері,

докторанттар мен магистранттар, сондай-ақ халықаралық және қоғамдық ұйымдардың өкілдері шақырылады.

Конференция материалдары ISBN нөмірі бар жинақта жарияланады. Жинақты конференция басталғанға дейін басып шығару жоспарланған.

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс және ағылшын тілдері.

Қатысу түрлері: қатысушының тікелей қатысуы (офлайн), қашықтан қатысуы (онлайн), сондай-ақ сырттай қатысуы (тек мақала жариялау) қарастырылған.

Материалдарды ұсыну тәртібі

Конференцияға қатысуға өтінім мен мақаланы ұйымдастыру комитетінің **conference.zhu@gmail.com** электронды поштасына **2025 жылғы 10 қарашаға дейін** жіберу қажет. Өтінімнің рәсімделу талаптары мен қатысуға өтінім нысаны Қосымшада берілген.

Қатысуға өтінім мен жариялауға арналған материалдарды қамтитын файлдар атауында автордың тегі, қысқартылған аты-жөні және файл мазмұнына қатысты ақпарат көрсетілуі керек (мысалы: Смаилова И.В._өтінім.doc; Смаилова И.В._мақала.docx). Файлдар *.doc немесе *.docx форматында сақталуы тиіс. Егер авторлар екі және одан да көп болса, файл бірінші автордың тегі бойынша аталады.

Конференцияға қатысу тегін.

Мәтіннің түпнұсқалығы «Антиплагиат» жүйесі арқылы тексеру нәтижесінде 75 %-дан төмен болмауы тиіс.

Ұйымдастыру комитеті талаптарға сай рәсімделмеген немесе конференция тақырыбына сәйкес келмейтін өтінімдер мен мақалаларды қарамау құқығын өзіне қалдырады.

Байланыс ақпараты

Конференцияны ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: 040009, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ., І.Жансүгіров көш., 187А, І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Ғылымметрия және ғылыми кадрларды даярлау бөлімі, 310-каб.

Телефон: +7 (282) 22-16-67 (ішкі 1193)

E-mail: conference.zhu@gmail.com

КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУ ҮШІН ӨТІНІМ

Аты-жөні (толық)	
Ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, лауазымы	
Жұмыс орны / оқу орны (мекеменің толық атауы)	
Байланыс телефоны, e-mail	
Баяндама / мақала тақырыбы	
Конференция секциясы	
Техникалық құралдарға қажеттілік (мультимедиа және т.б.)	
Қатысу формасы (офлайн / онлайн)	



1972

МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУ ТАЛАПТАРЫ

Құрметті әріптестер! Материалдарды мұқият редакцияланған түрде және төменде көрсетілген талаптарды қатаң сақтай отырып жіберулеріңізді сұраймыз.

Мақалалар конференция тақырыптық бағыттарына сәйкес келуі тиіс және электронды түрде MS Word форматында (.docx) ұсынылады. Бұрын жарияланбаған түпнұсқа мақалалар қабылданады, көлемі **5–8 бет**, әдебиеттер тізімін қоса алғанда.

Қатысу өтінімі мен жарияланатын материалдар сақталған файлдар автордың тегі мен инициалдары және мазмұны көрсетіле отырып аталуы тиіс (мысалы, *Смаилова И.В. _өтінім.doc*; *Смаилова И.В. _мақала.docx*). Файлдар .doc немесе .docx форматында сақталуы қажет. Егер авторлар екеу немесе одан көп болса, файл бірінші автордың тегімен аталуы тиіс.

Мақалалар тек электрондық түрде қабылданады және келесі талаптарға сай рәсімделуі керек:

1. Мақаланың басында, сол жақ жоғарғы бұрышта **ӘОЖ нөмірі** көрсетіледі.
2. Автор(лар)дың тегі мен инициалдары атау септігінде (мысалы, Ташматов П.С., Смаилова С.И.) – жартылай қалың қаріппен, ортаға туралау. Оқу немесе жұмыс орны, қызметі, қала, мемлекет, барлық авторлардың e-mail мекенжайы курсивпен, ортаға тураланады. Егер мақала әртүрлі мекемелердің авторлары тарапынан жазылса, мәлімет әр автор үшін қайталанып, үтір арқылы бөлінеді.
3. Мақала атауы БАС ӘРІПТЕРМЕН, қалың қаріппен, ортаға тураланып жазылады.
4. Аннотация (100 сөз) – Times New Roman, 12 pt, 1 интервал. *Аннотация* сөзі – жартылай қалың курсивпен, мәтіні – курсивпен.
5. Кілт сөздер (кемінде 10 сөз немесе сөз тіркестері) аннотациядан кейін орналастырылады. *Кілт сөздер* тіркесі – жартылай қалың курсивпен, кілт сөздер – курсивпен, үтір арқылы бөлінеді.
6. Мақалада мына бөлімдер болуы тиіс: **Аннотация (100 сөз), Кілт сөздер, Кіріспе, Материалдар мен әдістер, Негізгі бөлім, Нәтижелер мен талқылау, Қорытынды, Әдебиеттер.**
7. Аннотация мен кілт сөздер үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде беріледі. Шетелдік қатысушылар үшін – орыс және ағылшын тілдерінде. Мақала мәтіні үш тілдің бірінде жазылады: қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде.
8. Әдебиеттер тізімі ГОСТ талаптарына сәйкес рәсімделуі тиіс.
9. Қаріп: Times New Roman, 12 pt, жол аралығы – 1, абзацтық шегініс – 1,25 см, мәтін ені бойынша тураланады.
10. Шеттері: сол және жоғарыдан – 2,5 см, оң және төменнен – 2 см.
11. Мәтінде әдебиеттерге сілтемелер шаршы жақшада беріледі – [1]. Формулаларға сілтемелер дөңгелек жақшада – (1), формула оң жақта беріледі. Барлық қолданылған белгілер түсіндірілетін болуы тиіс (жалпыға ортақ белгіленгендерді қоспағанда).

СЫНИ ОЙЛАУДЫ ДАМУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Шатырбаева М.Г.¹, Молдабаева М.М.²

¹ *Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан*
shatyrbayeva@mail.ru,

² *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*
moldabayeva@mail.ru

Аннотация қазақ тілінде (100 сөзден аспауы тиіс).

Кілт сөздер: 3-10 кілт сөздер

Аннотация орыс тілінде

Ключевые слова: 3-10 ключевых слов

Аннотация ағылшын тілінде

Keywords: 3-10 keywords

Кіріспе

Кіріспе жұмыстың мақсаттары, зерттеу саласының маңыздылығы, теориялық және практикалық маңыздылығы, мәселенің өзектілігі, мәселені шешу немесе гипотезаны қалыптастыру туралы ақпаратты қамтуы керек.

Материалдар мен әдістер

Бұл бөлім материалдардың, жабдықтардың және бағдарламалық жасақтаманың толық сипаттамасынан (модель, компания және елді қоса алғанда), сондай-ақ қолданылатын әдістердің толық сипаттамасынан тұруы керек, тек жаңа әдістерді толық сипаттау керек; әдебиеттер тізімінде бұрын жарияланған және белгілі әдістерге сілтеме жасау жеткілікті, ал егер әдіс тым кең белгілі болмаса, оның принципін айтып, авторды көрсеткен жөн.

Зерттеу барысында пайдаланылған материалдар сапалық және сандық түрде сипатталуы керек.

Зерттеу барысында алынған деректердің статистикалық талдауы міндетті, сонымен қатар қолданылатын бағдарламалық жасақтаманы көрсету қажет.

Негізгі бөлім

Бұл бөлім ғылыми зерттеулердің барысын, оның дәйекті кезеңдерін сипаттайды, қолда бар ғылыми әзірлемелерге сыни талдау жасалады, гипотезалар ұсынылады, олар автордың пайымдауы барысында расталады немесе жоққа шығарылады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Бұл бөлім жұмыс нәтижелерін ашуы керек және зерттеу нәтижелерін талдау мен талқылауды қамтуы керек. Нәтижелер талқылана отырып, кестелер, суреттер және басқа иллюстрациялық материалдар түрінде ұсынылуы керек.


Кестелер мен иллюстрациялар мәтінде жеке абзацтармен орналасуы керек. Әр кестеде және иллюстрацияда атауы болуы керек және әр кестеде және иллюстрацияда мәтін ішінде сілтемесі болуы керек. Кестелер мен иллюстрациялардың нөмірленуі бөлек.

Кестелер Microsoft Word кестесінің форматында жасалуы керек. Барлық кестелер нөмірленуі керек. Кестенің атауы кестенің сол жағында орналасуы керек. Тақырыптар мен кестелер мәтіннің қалған бөлігінен бос орындармен бөлінуі керек. Қаріп – Times New Roman, кегель-12 пт. «Кесте» сөзінен кейін кестенің реттік нөмірі мен атауы көрсетіледі (**Кесте 1** – Кестенің атауы).

Кесте 1 – Кестенің атауы

Атауы	Нәтиже 1	Нәтиже 2	Нәтиже 3
1-атауы	1	2	3
2-атауы	4	5	6

Мазмұнды нақты анықтау үшін иллюстрациялар жеткілікті сапалы болуы керек (кем дегенде 300 dpi). Иллюстрациялар нөмірленуі керек. Барлық иллюстрациялар мен иллюстрация атаулары ортамен туралануы керек, атаулар иллюстрацияның астына ортамен тураланып орналасуы керек. Иллюстрациялар мен иллюстрациялардың атаулары мәтіннің қалған бөлігінен бос орындармен бөлінуі керек. Қаріп-Times New Roman, кегель-12 пт. «Сурет» сөзінен кейін суреттің реттік нөмірі мен атауы көрсетіледі (**Сурет 1** – суреттің атауы).



Сурет 1 – Суреттің атауы

Сөйлемді формуладан бастауға болмайды. Егер бірнеше формулалар қатарынан жүрсе, әр формуланы бөлек теру керек.

Теңдеулер

Барлық формулалар, сандық мәндер, шама белгілері Microsoft Equation 3.0 немесе MathType форматында терілуі керек. Формулаларды сурет түрінде қосуға болмайды. Барлық формулалар нөмірленуі керек. Формулалар ортамен туралануы керек. Формулалардың нөмірлері формуланың оң жағында жақшада орналасуы керек.. Барлық формулалар мәтіннің қалған бөлігінен бос орындармен бөлінуі керек.

$$f = \sum (a + \frac{a}{10}) \quad (1)$$

мұндағы: f – белгілеу атауы;
 a – белгілеу атауы.

Қорытынды

Бұл бөлімде жүргізілген жұмыстың қорытындылары жинақталып қорытындылануы, алынған нәтижелер мен олардың ғылымды дамыту үшін маңыздылығы қалай пайдаланылуы мүмкін екендігі көрсетілуі тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

Әдебиеттер тізімі дәйексөз ретінде берілуі керек және автор қолданған барлық жұмыстарды қамтуы керек. Библиографиялық тізімдер ГОСТ 7.1-2003 «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар мен құрастыру ережелері». Библиографиялық сілтемелер қолайлы. Мәтінде сілтеме нөмірі төртбұрышты жақшада көрсетілуі керек. Мысалы: формула патшайым [1] мұны дәлелдейді (...). Әдебиеттер тізімін жасау үшін [Mendeley](#) немесе [Zotero](#) бағдарламаларын пайдалануға болады.

- 1.
- 2.